



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (106)

Астана
2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашевич	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАГИН Максат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИГОЖИН Улан Зейноллаулы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
КАРА Абдуакап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

Әлибай Б.Е., Ерсариев А.М., Суюндикова М.Қ., Аққалиева А.Ш. Жаңадария бойындағы ортағасырлық қоныстар (2022 жылғы барлау жұмыстары негізінде)
Alibay B., Ersariyev A., Suyundikova M., Akkalieva A. Medieval Settlements along the Janadarya River (Based on exploration works of 2022)

Алибай Б.Е., Ерсариев А.М., Суюндикова М.К., Аккалиева А.Ш. Средневековые поселения вдоль Жанадарьи (на основе разведочных работ 2022 года).....7

Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ергобылов А.Е. Қапал-Қызылағаш 1 қалашығындағы археологиялық жұмыстардың алдын-ала нәтижелері

Zhumataev R.S., Shakenov S.T., Ergabylov A.E. Preliminary Results of Archaeological Works at the Kapal-Kyzylagash 1 Settlement

Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ергобылов А.Е. Предварительные результаты археологических работ на городище Капал-Кызылағаш 1.....34

Аминова Р.Н., Аккошкарлова Ж.Т., Тушева Е.К., Рахимжанова С.Ж. Шижаға мен Құйылыс тұрақтарының жаңа материалдары

Aminova R.N., Akkoshkarova Zh.T., Tusheva Y.K., Rakhimzhanova S.Zh. New materials from the Kuiyllys and Shizhaga sites

Аминова Р.Н., Аккошкарлова Ж.Т., Тушева Е.К., Рахимжанова С.Ж. Новые материалы стоянок Куйылыс и Шижага.....46

Болсынбек Т.Н. Батыс Қазақстан облыстық тарихи - өлкетану музейінің материалдарындағы Қазақстан тарихы (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші ширегі)

Bolsynbek T.N. The history of Kazakhstan in the materials of the West Kazakhstan Regional Museum of local lore (the 2nd half of the 19th c. – the quarter of the 20th c.)

Болсынбек Т.Н. История Казахстана в материалах Западно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея (вторая половина XIX – первая четверть XX вв.).....59

Шақшақов Қ.Ғ., Токтаров Д.В. В.Ф. Зайберт еңбектеріндегі Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы

Shakchakov K.G., Toktarov D.V. Ancient History of Northern Kazakhstan in the Works of V.F. Zaibert

Шақшақов К.Г., Токтаров Д.В. Древняя история Северного Казахстана в трудах В.Ф. Зайберта.....73

Жақсылықова Н.Е. Ортағасырлық «Шым қала» тарихи-мәдени кешені

Zhaksylykova N.E. Medieval historical and cultural complex "Shym kala"

Жаксылыкова Н.Е. Средневековый историко-культурный комплекс «Шым қала»....85

Этнология / Ethnology / Этнология

Артықбаев Ж.О. Бәйті тарихы (топонимді тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау үлгісі)

Artykbayev Zh.O. History of Baite (historical and ethnographic analysis of toponyms)

Артықбаев Ж.О. История Байте (исторический и этнографический анализ топонимов).....99

Амдаев С.Д. Гаджар ханның айқындалмаған тұлғалық бейнесі

Atdaev S.J. Unknown Portrait of Gajar Khan

Амдаев С. Дж. Неизвестный портрет Гаджар-хана.....117

Кошман Т.В. XX ғасырдың басындағы Ақмола облысы Спасское ауылындағы ағаш сәулет ескерткішінің тарихы

Koshman T.V. History of a wooden architecture monument from the beginning of the 20th century in Spasskoe village of Akmola region

Кошман Т.В. История памятника деревянного зодчества начала XX века села Спасское Акмолинской области.....143

Ғылым жаңалығы/ Science news/ Новости науки

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә. Қостанай облысының ескерткіштерінде этноархеологиялық жаңа зерттеулер

Azhigali S.E., Ashim B.A. New ethnoarchaeological studies of monuments in Kostanay region

Ажигали С.Е., Ашим Б.А. Новые этноархеологические исследования памятников в Костанайской области.....155

Шақшақов Қ.Ғ.¹, *Токтаров Д.В.²

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

²«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы
Саумалкөл, Қазақстан

*e-mail: toktarov.98@internet.ru

В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада тарих ғылымдарының докторы, археология ғылымының профессоры, Герман археологиялық институты корреспондент мүшесі Виктор Фёдорович Зайберттің Солтүстік Қазақстан аумағында орналасқан Ботай қонысын зерттеудегі еңбектері сараланды. Қазіргі таңда Ботай қонысына қатысты ғалымның көптеген ғылыми еңбектері және шетелдік халықаралық журналдарда Ботай қонысынан табылған жылқы сүйектері жайлы бірнеше ғылыми мақалалары жарияланды. Ботай қонысын ашып зерттеген ғалымның бүгінде Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясына құнды ғылыми мұралар қалдырды. Солтүстік Қазақстан өңірінде тарих мектебін қалыптастырып, әлемдік және республикалық деңгейде күрделі зерттеулер жүргізіп «Ботай» тарихи-мәдени музей қорығын білікті мамандармен қамтуда біршама істер атқарды. Қазақстанның көне энеолиттік қонысын кешенді зерттеу ісінде де алда болып, шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда еңбектері жарияланды. Қазақстан тарих ғылымына белгілі тұлға Виктор Зайберт шығармашылығын, ғылыми еңбектерін жеке тұлға ретінде зерттеп тану дегеніміз – өлке тарихын ғылыми тұрғыдан терең қарастырып баяндау, тұжырымдап баға беру және тарих ғылымындағы ұрпақтар сабақтастығын ғылыми пайымдау болып табылады. Отандық археологияны зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалымның іргелі, ғылыми пайымдаулары ұсынылып отыр.

Кілт сөздер: В.Ф. Зайберт, тарих, археология, Солтүстік Қазақстан, Орал-Ертіс аймағы.

Дәйексөз үшін: Шақшақов Қ.Ғ., Токтаров Д.В. В.Ф. Зайберт еңбектеріндегі Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы // Мәдени мұра. 2024. №3 (106). 73-84 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.05>



Сур.1. Виктор Фёдорович Зайберт
Fig.1. Viktor Zaibert

Кіріспе

Тарихи тұлғатану - жеке тұлғаның ғұмырын ғана көрсетіп қоймай, ол өмір сүрген, зерттеу жүргізген уақыттың тыныс тіршілігімен таныстыратын тарих ғылымының құрамдас бөлімі ретінде айырықша жанр болып табылады. Жеке тұлға туралы мәліметтерді жинақтауда әртүрлі мұрағаттық құжаттар, мемуарлар, оның ұстаздары мен шәкірттері, әріптестері туралы мәліметтер, олардың ғылыми ой-тұжырымдары қарастырылады. Соңғы жылдары Қазақстан тарихына өз үлестерін қосқан алдыңғы қатарлы ғалымдарымыз М.Е. Массон, Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, Х.Алпысбаев т.б. туралы бірқатар ғылыми жұмыстар жазылды. Мұндай жұмыстардың маңызды

тәрбиелік рөлі бар. Қазақстан тарихы мен археологиясы мен Солтүстік Қазақстан даласының көне дәуірлер мәдениеттерін зерттеуде зор үлес қосқан ғалым, ұстаз – Зайберт Виктор Фёдорович болатын (Сурет 1).

Көрнекті ғалым 1947 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келіп, Қазақстанның солтүстігінде Виктор Зайберт бастаған Ботай халықаралық археологиялық экспедициясының жоспарлы ауқымды зерттеулері Атбасар, Ботай археологиялық мәдениеттерінің ашылуына және негізделуіне әкелді. Мұқият далалық жұмыстар, бай археологиялық коллекцияларды талдау үшін жаратылыстану ғылымдарының мамандарын тарту

қарабайырлықтың экономикалық, әлеуметтік-мәдени процестерінің әртүрлі аспектілерін теориялық қайта құру үшін берік ғылыми база құрды. Ботай археологиялық мәдениеті материалдарының Еуразияның дала аймағында өндіретін шаруашылық түрінің пайда болуы мен қалыптасуы мәселесін шешудегі маңызы зор.

Ғалым 1978-1979 жылдары КСРО Ғылым академиясының Мәскеу археология институтында белгілі кеңестік археолог тарих ғылымдарының докторы Бадер, Отто Николаевичтің жетекшілігімен аспирант атанып және «Неолит Северного Казахстана» тақырыбында кандидаттық диссертациясын осы институттың диссертациялық кеңесінде сол уақыттың ірі археологтары Орта Азия мен Қазақстан аумағын зерттеген В.М. Массон, А.А. Формозов, А.В. Виноградов сияқты ірі археологтардың алдында сәтті қорғайды (Зайберт 1979:16). 1980 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде аға оқытушы, кафедра менгерушісі, ғылыми жұмыстар және шет елдермен байланыс жөнінде проректоры болып қызмет жасады (Байгунаков, Сабденова, 2017: 99-102). 1992 жылы өзінің археология мамандығы бойынша «Орал және Ертіс өңірінің энеолиті дәуірі» атты докторлық диссертациясын Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімшесі Новосибирск қаласының археология институтында қорғап шықты. 1996 жылы Қазақстан Республикасы жоғары аттестациялық кеңесінің шешімімен «Археология ғылымының профессоры» атты дәрежесін алып шықты (Зайберт, 1992). Виктор Зайберт археологиялық зерттеулерінің арасынан мезолит және жаңа тас ғасыры сыр шертетін Атбасар неолиттік мәдениетін (б.з.д.

VI-IV мыңж.) ерекшелік көрсетуге болады. Ғылыми ізденістер барысында 1980 жылы Ботай археологиялық қонысы мәдениетін ашады. 1995 жылы Ботай қонысында «Еуразияның ежелгі салт аттылары» атты халықаралық симпозиум өтті, симпозиумға атақты археолог ғалымдар мен тарихшылар келіп қатысты. 1996 жылы Ботай қонысы жылқыны қолға үйреткен мәдениет ошағы атты баяндамасымен Еуропаның біраз ірі қалалары мен университеттерінде Германияның Берлин археологиялық институтының қабырғасында баяндама оқып, Герман археологиялық институтының корреспондент мүшесі атағын алды. Сонымен қатар Ұлыбританияның Белфаст, Кембридж, Оксфорд, Ньюкасл, Эдинбург университеттерінде баяндамалар оқып, Ботай мәдениетінен мәлімет беретін қазба кезінде табылған еңбек құралдары мен қыш ыдыстардан шағын музей жасалып, жоғарыда аталған университеттерде көрмелер ұйымдастырылып дәрістер оқылды (Зайберт, 1993; 2009).

Материалдар мен әдістер

Виктор Зайберттің ғылыми мұраларын сараптау және жалпылау барысында анализ және синтез, дедукция және индукция әдістері қолданылды. Тарихи археологиялық кезеңдерді анықтауда, әр қилы мәселелер туралы ұсынған пікірлерді салыстыру, мұрағаттардан алынған мәліметтерді жарияланған материалдармен, әр жылдары жарық көрген басылымдармен салыстыра отырып қорытынды жасауда салыстырмалы-тарихи әдіс тәсілі кеңінен қолданылды. Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы және археологиясына арналған ғылыми монографиялар неолит дәуірі «Атбасар

мәдениеті» (1992), «Большой курган Байкара» монографиясы (Берлин, 2003) орыс және неміс тілдерінде шыққан, А. Тюлебаев, Ю. Кулаков және А. Задорожный сынды шәкірттерімен бірлесе шығарған «Тайны древней степи» (2007), «Ботай мәдениеті» (2009), «Ботай – у истоков степной цивилизации» (2011), «Атбасарская культура: Материалы и исследования по археологии» (2012), «Сакральные контексты Ботайской культуры» (2018) еңбектері, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Ботай» (2020) еңбектері ғылыми жұмысты жазу барысында басшылыққа алынды.

Қазіргі таңда Көкшетау қаласында Ақмола облыстық тарихи өлкетану музейі, Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейі, Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Музейінде, Астана қаласында Ұлттық музей қорларында В.Ф. Зайберт жетекшілігімен Ботай қонысы және мәдениетінің ескерткіштерінен табылған 200-ге жуық жәдігерлері және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында «Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы», «Ботай» халықаралық археологиялық экспедициясының ғылыми есептері сақтаулы тұр.

Нәтижелер және талқылаулар

Виктор Зайберттің ғылыми қызметін зерттеуде маңызды тарихи археологиялық деректер негізін ғалымның қаламынан туған жеке ғылыми еңбектері құрайды. Қайраткер ғалымның артында қалдырған шығармашылық мұрасы мен оның қоғамдық-саяси, қайраткерлік қызметінің және ғылыми-шығармашылық еңбектерінің

құндылығын ашуға көмектеседі және зерттеудің өзегі болып табылады. Зерттеуде ғалым жайлы жазылған естелік еңбектер мен ғылыми мақалалары қарастырылды.

Виктор Зайберт қызмет жолында Петропавл бизнес және басқару институтында ректор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің педагогикалық институтында директор, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Ботай халықаралық археологиялық экспедициясының жетекшісі ретінде «Көкше» археологиялық ғылыми орталығының директоры болып қызмет жасады. 2016-2017 жылдар аралығында Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында археология және этнология ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі болды. 2018 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Археология және Ұлы дала өркениеттері» ғылыми-зерттеу институтының директоры болып қызмет атқарды. Көрнекті ғалым 2022 жылдың сәуір айында дүниеден озды.

В.Ф. Зайберт басқарумен 1980 жылдан бастап аймақта ірі археологиялық жобалармен археологиялық ескерткіштерді зерттей бастады. Соның ішіндегі Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы, Қостанай облысы аймағы жаңа археологиялық ескерткіштерді тізімге алды. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ботай қонысында археологиялық қазба жұмыстары басталып, кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді. В.Ф. Зайберт жетекшілігімен Қазақстанда 2 ғылым докторы және 10 ғылым кандидаты қорғап шықты (Зайберт, 2018).

2011 жылы «Ботай дала өркениетінің бастауы» деп аталатын кітап-альбом басылып шықты. Жинақта аталмыш қоныстың ашылу тарихы,

сондай-ақ Ботай мәдениетінің маңызы туралы кеңінен әңгімеленіп, кешенді халықаралық Ботай экспедициясының алдында тұрған міндеттер де нақтыланған болатын. Он жылға жуық уақыт аралығында зерттеу тақырыптары бойынша көптеген жаңа мәліметтер табылды (Зайберт, 1993: 15-28). Ең алдымен түсінікті болу үшін 2011 жылы жарық көрген басылымда көрсетілген қазба жұмыстарының, артефакторлық талдаулардың мұрат-мақсаттарына тоқталып өтелік: Ботай қонысындағы қазба жұмыстары тоқтап қалған жоқ, өйткені қоныс-мекеннің ұлан-ғайыр байтақтығы әрмен қарай да жаңа дерек көздерінің табыла беретіндігіне деген сенімімізді нығайта түскен болатын. Қазіргі таңға дейін III мыңжылдықтың басында, энеолит дәуіріне қатысты жайттар толық анықталып бітті деп айта алмаймыз. 2007 жылы Ұлыбританияның Эксетер және Бристоль университеттері мен Көкшетау археологиялық экспедициясының қызметкерлері Еуразия даласындағы жылқы шаруашылығының қалыптасу заманындағы адамдар мен этникалық қауымдардың өмір тіршілігін зерттеу туралы зертеулер жасалынып, осындай ауқымды ғылыми шаралардың аясында профессор Алан Оутрамның бастамасымен Ботайдан табылған ыдыстардан қымыздың (ағылшын әріптестердің зерттеуі бойынша жылқы сүтінің) қалдығы, яғни қымыз қалдықтары табылған.

Ботай мәдениетінің негізінде Қазақстанның ежелгі тұрғындарының мәдени генезисін зерттеу нәтижелері, тек тарихи іс-тәжірибелерді ашу көрінісі ғана емес, сонымен қатар этно-әлеуметтік генезистерді зерттеуші ғалым-мамандар үшін таптырмас дереккөздер болып табылады. Өйткені

қоғамда өмірдің барлық материалдық, рухани, әлеуметтік, саяси элементтері бір-бірімен тығыз байланыста. Осы негізде бірінші сатылы археологиялық материалдар мен қоршаған ортаның өзгеру заңдылығын зерттеу, қола дәуіріндегі ботайлық мәдениеттің шығу және даму кезеңдеріне байланысты энеолит дәуірін зерттеу, оның Еуразия кеңістігінде мал шаруашылығын және далалық өндіруші экономиканы дамытудағы рөлін нақтылай түсуге көмектесетінін атап өтер едік.

1980 жылдың далалық маусымында Виктор Зайберт бастаған Солтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (СҚАЭ) үшін Ботай қонысы айрықша археологиялық нысан болып есептеледі. Далалық маусымның алғашқы қазба жұмыстарының қорытындылары туралы Бүкілодақтық ғылыми конференцияларда нәтижелері жарияланып, Еуразия тарихы мен археологиясымен айналасатын ғалымдарды таңғалдырды. Алғашқы болып 1983 жылы Ботайда қонысында Кеңес одағынан жиналған археологиялық ғылыми семинар ұйымдастырылып, ірі қалалардан археолог ғалымдар жиналып, жаңадан ашылған Ботай мәдениетінің ескерткіштеріне оң бағаларын берді. Археологиялық зерттеулер барысында Ботай мәдениетінің ескерткіштері, соның ішіндегі: Красный Яр, Баландино, Роцинское, Сергеевка, Васильковка қоныстары ашылды. Осы зерттеулер нәтижесінде көрнекті ғалым В. Зайберттің ғылыми еңбегінде жаңадан ашылған нысандардың «Ботай мәдениеті» қорытындынысы дәлелденіп, ескерткіштердің таралу аймағы анықталып, ғылыми айналымға енгізілді. Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ұжымы

Ботай қонысындағы зерттеулер жайлы алғаш ашылғаннан бастап бірнеше ғылыми жетістіктерге қол жеткізіп, көптеген ғылыми мақалалар мен кітаптар жарық көрді. Ботай мәдениетінің материалдары бойынша бірнеше ғылым кандидаттар және докторлық диссертациялар жазылып археологиялық мектеп қалыптасты. Жергілікті ғылыми кадрлар өсіп-жетіліп, олар ғылым саласында өз орындарын тапты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін В.Зайберт шетел ғалымдарымен бірлесе жұмыс жасау мүмкіндігі қарастырылып, әлемдік деңгейде жаңаша ғылыми зерттеулерге жол ашыла бастады (Зайберт, 2011). Ботай археологиялық қонысына Ұлыбритания, Америка, Германия, Дания, Литва ғалымдары келді. Осындай халықаралық коллаборацияда бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесінде Виктор Зайберт Ботай мәдениеті тақырыбы бойынша Ұлыбританияның бірқатар қалаларында, университеттерінде ғылыми дәрістер оқып, Ботай мәдениеті жайлы кеңінен таныстырды (Olsen, 2002). 1996 жылы Солтүстік Қазақстан аумағындағы Ботай қонысы мен ерте темір дәуірінің обасы Байқара қорғанын зерттеу үшін Қазақстан мен Германия археология институтының мамандарының бірлескен жұмысы жасалып, бірнеше құнды археологиялық деректер алынып, ғылыми монографиялар жарияланды. В. Зайберт Ботай қонысындағы зерттеулерінде осы ескерткіштің айналасында бірнеше ірі ғалымдар қалыптасып шықты: А. Плешаков, О. Мартынюк, В. Мюсин, Т. Даниленко, С. Олсен, В. Зайтов, А. Кисленко, Т. Нұрымов, Л. Макарова, М. Ливина, Н. Ермолова, П. Косинцев, А. Дриш, Н. Бенеке, Д. Энтони, И. Иванов, Н. Белецкая Ботай заманындағы әр

түрлі шаруашылық саласы мәселелерін қарастырып құнды тәжірбиелер жинақтап, энеолит дәуірінің жаңа қырларын ашып зерттеді (Зайберт, 2020:15-20).

2000 жылдары Ботай археологиялық қонысы «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық паркінің қорғау аймағына енгізіліп, сол уақыттан бастап қоныс аумағында сақтау қорғау жұмыстары жүргізіліп келеді. 2001 жылы Виктор Зайберттің бастамасымен қоныс аумағында қорғалатын аймақ шекараларын белгілеп, қоршаудың құрылысын бастап кетті. Қоршаудың тұрғызылуы қорғалатын аймаққа мал мен автокөліктердің кіруін шектеді. 2002 жылы қорғалатын аймақты қоршау жұмыстары аяқталып, шарбақты бойлай ені 5 метр болатын ағаш көшеттер қатары отырғызылды (Зайберт, 2011). Ботай қонысын зерттеудің келесі кезеңі 2004 – 2006 жылдары Көкшетау археологиялық экспедициясының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруымен тікелей байланысты болды. Ежелгі мәдени мұраны және туризмді дамытуды насихаттау мақсатымен Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау МҰП басшылары мен қызметкерлері тарапынан Ботай қонысын көріктендіру, қорғауға алу туралы шешім қабылданып, сақтау қорғауға байлансты бірқатар іс-шаралар жүргізілді.

Виктор Зайберт және Алан Оутрам бастаған қазақстандық және шетелдік ғалымдар соның ішіндегі археологтармен, археозоологтармен халықаралық коллаборация барысында Ұлыбританияның Экзетер, Бристоль, Кембридж университеттерімен бірлесе отырып жүзеге асырды. Кешенді зерттеулер Ботай қонысының мәдени

қабаттарына палеогеографиялық және палеомагниттік зерттеулер жүргізді (Outram, 2009).

Қазіргі уақытта археолог ғалымдар даладағы тарихи даму концепциясын жасаумен айналысуда археологиялық, палеозоологиялық және палеогеографиялық дереккөздерді зерттеудің дәстүрлі және инновациялық әдістерін қолдана отырып, Қазақстан аймағын археологиялық дереккөзді жан-жақты зерттеудің бір мысалы ретінде Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының аумағында орналасқан дүниежүзілік маңызы бар ерекше Ботай қонысы мен Ботай мәдениетінің басқа да нысандарының қазбаларының нәтижелері болады. Қазіргі таңда Ботай қонысы аумағында қайта қалпына келтірілген тұрғын үй кешендері туристерге қызмет жасап тұр. Ботай музей қорығының ғылыми қызметкерлері ғалымның жоспарлаған зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастыруда.

Виктор Зайберттің Орал-Ертіс аралығындағы энеолит дәуірі Ботай мәдениетінің ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулер бойынша қазақ даласындағы энеолиттік дәуірі жайлы төмендегідей тұжырым жасайды:

Еуразиялық далалық аумағында тас дәуірінің соңында дала өркениеті қалыптаса бастады, дала өркениеті-қажеттілігіне қарай мәдени инновацияларды өзектендіретін өзін-өзі жаңғыртатын тәуелсіз әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси және идеологиялық жүйе болды.

1. Энеолит дәуірінде қазақ даласының Солтүстік және Орталық Қазақстанның далалық аймақтарында, алғаш рет жылқы қолға үйретіліп, адам дала сусыны – қымыз пайда болды.

3. Ботай тұрғындары жартылай

отырықшылдық өмір салтына көшті. Бірінші рет ұлан-ғайыр Еуразия даласында адамдар сәулетшілік тәсілдерді пайдалана отырып, күрделі ағаш құрылыстарын жүргізе бастады. Жартылай жерге отырғызылған тұрғын үйлер ағаштан, балшықтан, жылқылардың сүйектерінен, қайың қабықтарынан және жер қабаттарынан тұрғызылды. Ботайлықтардың үйлерінің көлемі 120 кв.м дейін жетті. Олардың пішіні көп бұрышты болды. Үйлердің төбелерінің жабындысы ешбір тіреусіз жасалды. Ал бұл құрылыс технологиясындағы сол уақытта үлкен жаңалық еді.

4. Ботай тайпалары қола дәуіріне дейін екі мың жыл бұрын мыстан жасалған құралдарды пайдалана білді. Олар епті шеберлер, дәрігерлер, суретшілер, зергерлер болды. Бас сүйекті трепанизациялау сол уақыттағы заман тұрғысынан қарағанда, қиял-ғажайып ертегідей көрінетін. Кейбір бұйымдардың жасалу шеберлігін көріп, тас ғасырдың технологиясына тіпті қайран қаласың.

5. Ботай мәдениеті қазақ тарихындағы соңғы алты мың жыл ішінде аумақта өмір сүрген тайпалық одақтар ортағасырлық мемлекеттердің тікелей арғы атасы және бұл жерде тұңғыш ат міну салты қалыптасты (Зайберт, 2020: 431-435).

Жоғарыдағы ғылыми тұжырымға сәйкес пікірді Солтүстік Қазақстанның Ботай қонысына бірнеше жыл зерттеу жүргізген зерттеуші Алан Оутрам: «Ботай ежелден бері жылқыны қолға үйрету және Орталық Азиядағы бақташылық қоғамның пайда болуы орталығы болып табылады (Outram, 2009: 1332). (Outram, 2009: 1332) –деп, В. Зайберттің тұжырымына сәйкес пікір білдіреді.

Қорытынды

Ғалым ұзақ жылдық зерттеуі мен ізденіс нәтижелері негізінде Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде көптеген ғылыми құнды мұралар қалдырды. Атбасар, Ботай тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеуге үлкен үлес қосты. Энеолит дәуіріне қатысты ғана емес, сонымен қатар мезолит, неолит, қола және ерте темір дәуірі, ортағасырлар сияқты тарихи-мәдени кезеңдерді зерттеуге өзіндік үлес қосқандығы бүгінгі таңда кеңінен белгілі болып отыр. Ғалымның ғылыми мұраларын зерттеуде қазіргі таңда Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі, Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі және Ботай музей қорығы қызметкерлері тарапынан кең көлемде зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Солтүстік Қазақстанның ежелгі дәуірі бойынша Виктор Зайберт жинақтаған мағлұматтар осы тарихи мәдени-кезең бойынша кеңістік-хронологиялық байланыстардың ежелден орын алғандығын айғақтап қана қоймай, Еуразия құрылымы және Қазақстан бойынша эталондық белгі болатын Ботай мәдениетінің ескерткіштерін атап өтуге болады. Виктор Зайберт археологияда жаңа бағыттың қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Археологияны өткенді

зерттейтін ғылым ғана емес, зерттеу жұмыстарының нәтижелері қазақстандық тарихнамада ғұмырнамалық жанрдың дамуына үлес қосады. Виктор Зайберт тарихи мұрасы жайында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдар жоғары оқу орындарының тарих факультеттерінде жүргізілетін «Қазақстан археологиясы» пәніне теориялық, практикалық толықтырулар енгізе алады, арнайы таңдау пәні ретінде де дәрістер жүргізуде және тарихнамалық зерттеулерде қолдануға мүмкіндік бар. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның ежелгі дәуірлері қорытынды еңбек пен оқулықтар жазуда, жоғары оқу орындарына арнайы дәрістерді оқытуда пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері тарих, этнология және археология мамандығында оқитын студенттерге арнайы курстарды оқытуда пайдалануға болады. Солтүстік Қазақстан аумағындағы ескерткіштерді сақтап қалу және осында мекендеген халықтың пайдасына жарату үшін үлкен жұмыс атқарды. Ғалым тарих және археология ғылымының дамуы үшін үлкен істер атқарды. Атап айтқанда, жаңа институттар мен ғылыми орталықтардың ашылды, археолог ғалымдардың жаңа буыны жетілді, ғылыми тың көзқарас қалыптасты.

Әдебиеттер

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е., 2017. Археолог, профессор Виктор Зайберт –70 жаста // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая. № 3. 99-101 с.
2. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е., 2019. Археолог В.Ф.Зайберт және Ботай мәдениеті // Отан тарихы. № 26. (1). 5-14 бб.
3. Зайберт В.Ф., 1979. Неолит Северного Казахстана: автореф. дис. канд. ист. наук. Москва. 16 с.
4. Зайберт В.Ф., 1992. Атбасарская культура // Екатеринбург: УрО РАН. 222 с.
5. Зайберт В. Ф., 1993. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск.

246 с.

6. Зайберт В.Ф., 2009. Ботайская культура. Алматы: «КазАқпарат». 566 с.

7. Зайберт В.Ф., 2011. Ботай у истоков степной цивилизации. Алматы: Балауса. 480 с.

8. Зайберт В.Ф., 2018. Сакральные контексты Ботайской культуры. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры. 380 с.

9. Зайберт В.Ф., 2020. Ботай. Алматы: Балауса. 480 б.

10. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. 2007. Тайны древней степи. (Исследования поселения Ботай в 2004-2006 гг.). Кокшетау: Издательский центр Кокшетауского университета. 163 с.

11. Olsen S.A., Bradley B., Maki D. and Outram A., 2002. Community organization among Copper Age sedentary horse pastoralists of Kazakhstan. In D.L. Peterson, L.M. Popova, and A.T. Smith (eds) Beyond the steppe and the sown: Proceedings of the 2002 University of Chicago Conference on Eurasian Archaeology. Leiden: Brill. pp. 89-111.

12. Outram A.K., Stear N.A., Bendrey R., Olsen S., Kasparov A., Zaibert V., Thorpe N., Richard P., 2009. Evershed The earliest horse harnessing and Milking. Science. 1332-1335 pp.

References

1. Baigunakov D.S., Sabdenova G.E., 2017. Arkheolog, professor Viktor Zaibert - 70 zhasta [Archaeologist, Professor Viktor Zaibert – 70 years old] // Bulletin of Al-Farabi KazNU. Historical series. No. 3. P. 99-101. [in Kazakh]

2. Baigunakov D.S., Sabdenova G.E., 2019. Arkheolog V.F. Zaibert jane Botaj madenieti [Archaeologist V. F. Zaibert and the Botai culture] // Otan Tarihy. No. 26. (1). P. 5-14 [in Kazakh]

3. Zaibert V.F., 1979. Neolit Severnogo Kazakhstana: [Neolithic of Northern Kazakhstan]: author's abstract. diss. candidate of historical sciences. Moscow. 16 p. [in Russian]

4. Zaibert V.F., 1992. Atbasarskaya kultura [Atbasar culture] // Ekaterinburg: UrO RAN. 222 p. [in Russian]

5. Zaibert V.F., 1993. Eneolit Uralo-Irtyshskogo mezhdurechya. [Eneolithic of the Ural-Irtysh interfluve]. Petropavlovsk. 246 p. [in Russian]

6. Zaibert V.F., 2009. Botajskaya kultura. [Botai culture]. Almaty: KazAkparat, 566 p. [in Russian]

7. Zaibert V. F., 2011. Botaj u istokov stepnoj civilizacii. [Botai at the Origins of the Steppe Civilization.]. Almaty: Balausa. 480 p. [in Russian]

8. Zaibert V.F., 2018. Sakralnyye konteksty Botayskoy kul'tury [Sacral contexts of Botai culture] Astana: Kazakh Scientific Research Institute of Culture monograph. 380 p. [in Russian]

9. Zaibert V.F., 2020. Botaj [Botay] Almaty: Balausa. 480 p. [in Kazakh, Russian, English]

10. Zaibert V.F., Tyulebaev A.Zh., Zadorozhny A.V., Kulakov Yu.V., 2007. Tajny drevnej stepi. (Issledovaniya poseleniya Botaj v 2004-2006 gg.). [Secrets of the Ancient Steppe. (Research of the Botai settlement in 2004-2006)] Kokshetau: Publishing Center of Kokshetau University. 163 p. [in Russian]

11. Olsen S.A., Bradley B., Maki D. and Outram A., 2002. Community organization among Copper Age sedentary horse pastoralists of Kazakhstan. In D.L. Peterson, L.M. Popova, and

A.T. Smith (eds) Beyond the steppe and the sown: Proceedings of the 2002 University of Chicago Conference on Eurasian Archaeology. Leiden: Brill. pp. 89-111.

12. Outram A.K., Stear N.A., Bendrey R., Olsen S., Kasparov A., Zaibert V., Thorpe N., Richard P., 2009. Evershed The earliest horse harnessing and Milking. Science. 1332-1335 pp.

Шакшаков К.Г.¹, *Токтаров Д.В.²

¹Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова
Кокшетау, Казахстан

²Государственный историко-культурный музей-заповедник «Ботай»
Саумалкол, Казахстан

*e-mail: toktarov.98@internet.ru

ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ В. Ф. ЗАЙБЕРТА

Аннотация. В научной статье рассматриваются труды доктора исторических наук, профессора археологии, члена-корреспондента Германского археологического института Виктора Федоровича Зайберта по изучению поселения Ботай, расположенного на территории Северного Казахстана. В настоящее время опубликованы многочисленные научные труды ученого и несколько ценных статей в зарубежных международных журналах о найденных в Ботайском поселении лошадиных костях. Ученый, открывший Ботайское поселение, оставил в настоящее время неоценимое научное наследие о древней истории и археологии Казахстана. В Северном Казахстане, сформировав свою историческую школу и проведя сложные исследования на мировом и республиканском уровнях, внёс значительный вклад в комплектование квалифицированными специалистами историко-культурного музея-заповедника «Ботай». В ходе комплексного исследования древнего энеолитического поселения Казахстана были опубликованы работы в зарубежных и отечественных научных изданиях. Изучение творчества и научных трудов Виктора Зайберта как выдающейся личности в истории Казахстана означает глубокий научный анализ региональной истории, формулирование выводов и оценок, а также осмысление преемственности поколений в исторической науке. Будут рассмотрены фундаментальные научные суждения ученого, внесшего большой вклад в изучение отечественной археологии.

Ключевые слова: В.Ф. Зайберт, история, археология, Северный Казахстан, Урало-Иртышское междуречье.

Для цитирования: Шакшаков К.Г., Токтаров Д.В. Древняя история Северного Казахстана в трудах В. Ф. Зайберта // Мәдени мұра. 2024. №3. 73-84 с.(Каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.05>

Shakchakov K.G.^{1,*}Toktarov D.V.²

¹Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov
Kokshetau, Kazakhstan

²State Historical and Cultural Museum- Reserve «Botai»
Saumalkol, Kazakhstan

*e-mail: toktarov.98@internet.ru

ANCIENT HISTORY OF NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE WORKS OF V. F. ZAIBERT

Abstract. The scientific article analyzes the works of Doctor of Historical Sciences, Professor of Archaeology, Corresponding Member of the German Archaeological Institute Viktor Fedorovich Zaibert in studying the Botai settlement located in Northern Kazakhstan. At present, numerous scientific works of the researcher and several valuable articles have been published in foreign international journals about horse bones found in the Botai settlement. The scientist who discovered the Botai settlement has left an invaluable scientific legacy of the ancient history and archeology of Kazakhstan. In the North Kazakhstan region, having established his own historical school, having conducted complex research at the world and republican levels, he did a lot of work to the staffing of the Botai Historical and Cultural Museum-Reserve with qualified specialists. During the comprehensive study of the ancient Eneolithic settlement of Kazakhstan, works were published in foreign and domestic scientific publications. Studying Viktor Zaibert's creative and scientific contributions as an outstanding figure in Kazakhstan's history involves a deep scientific analysis of regional history, drawing conclusions and evaluations, as well as understanding the continuity of generations in historical science. The article will address the fundamental scientific judgments of the scholar, who made a great contribution to the study of domestic archaeology.

Keywords: V.F. Zaibert, History, Archeology, North Kazakhstan, The Ural-Irtysh interfluve.

*For citation: Shakchakov K.G., Toktarov D.V. Ancient History of Northern Kazakhstan in the Works of V. F. Zaibert // Madeni mura. 2024. №3 (106). 73-84 p. (in Kaz.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.05>*

Авторлар туралы мәлімет:

1. Шакшаков Куаныш Гибадатович, PhD докторант, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Ақмола облысы, Көкшетау, Қазақстан.

2. Токтаров Дамир Владимирович, экскурсия жүргізушісі, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Айыртау ауданы, Саумалкөл, Қазақстан.

Сведения об авторах:

1. Шакшаков Куаныш Гибадатович, PhD докторант, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Акмолинская область, Кокшетау, Казахстан.

2. Токтаров Дамир Владимирович, экскурсовод, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Ботай», Айыртауский район, Саумалколь, Казахстан.

Information about the authors:

1. Shakshakov Kuanysh, PhD doctoral student, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Akmola region, Kokshetau, Kazakhstan.

2. Toktarov Damir, guide, State Historical and Cultural Museum- Reserve «Botai», Airtau district, Saumalkol, Kazakhstan.